



Автор: Таутиева Айнагүл

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 9-сынып

Бөлім: Тарихи шындық пен көркемдік шешім

Тақырып: Ш.Уәлиханов «Ыстықкөл күнделігі»

Осы сабақта арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Т/Ж 9.1.4.1 Көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану
Сабақ мақсаты	Оқушылардың бәрі - Шығарма мазмұнын түсінеді. Оқушылардың көбі- Шығарма мазмұнындағы ақпараттарды ажыратады, талдайды Оқушылардың кейбірі - Әңгіме жаза алады
Бағалау критерийлері	- Үзінді мазмұнын түсінеді; - Ақпараттарды саралайды, ажыратады; - Өлең,хат жанрын сақтайды.
Тілдік мақсаттар	Әңгіме, әдебиетте - оқиғаны қара сөзбен баяндайтын шағын көркем шығарма жанры
Мектеп құндылықтары	Жауапты азаматтық позиция: өзіне патриоттықты қамтиды. Жауапты азаматтар адал, сындарлы әрі белсенді, олар тұтастық, сыни идеялар мен қоғамды дамыту, ұлт пен қоршаған ортаны қорғау үшін пікір алуандығын әкеледі, олар қазақша, орысша және шет тілдерінде сөйлейді.
Осыған дейін меңгерілген білім	Көркем шығармадағы көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы өзіндік пікірін қосып, шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және Еркін тақырыптарға шығарма) жазу
Жоспарланатын уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Сабақ мақсаты мен бағалау критерийлері таныстырылады Сыныпты үш топқа бөлемін. Бәйге ойыны: «Шоқан – ұлы ғалым» Шоқанның әкесінің аты кім? (Шыңғыс) Шоқанның білім алған қаласы? (Омбы) Шоқанның туған өлкесі? (Құсмұрын) Шоқанның арғы атасы? (Абылай) Қазақтың тұңғыш ғалымы? (Шоқан) Шоқанның атасы? (Уәли) Шоқанның әжесі? (Айғаным) Шоқанның қайтыс болған жері? (Алтын Емел) 1857 жылғы сапары? (Ыстықкөл) Парақ беттеріне жазылған қанатты сөздер бойынша оқушыларды топқа бөлемін. 1-топ «Шоқан Уәлиханов Шығыстану әлемінде құйрықты жұлдыздай жарқ етіп» 2-топ «Еуропаға ашқан терезе» 3-топ «Шоқан-ұлы ғалым»	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20 минут)	1-тапсырма. Т Ұсынылған мәтінді (Ш.Уәлиханов «Ыстықкөл күнделігі» үзінді) мұқият оқып, таныстырылым әзірлеңіздер. I топ: Ұсынылған мәтін бойынша хронологиялық кесте құрастырыңыздар. Мәтіндегі ақпараттарды толық және жүйелі қолдануға тырысыңыз. Бағалау критеріі -Ақпараттарды толық және жүйелі қолданады -Үзінді бойынша хронологиялық кесте құрастырады Дескриптор: -ақпараттарды толық теріп, оқып, мазмұнын түсінеді; -өмірбаяны бойынша кестені толтырады; - үзінді бойынша өзінің сыни көзқарасын білдіреді. Қалыптастырушы бағалау: «Шеңбердегі доп» /доп қолына тиген оқушы әр адам бойынша бір сөйлем айтады/. II топ:Мәтін мазмұны бойынша сызба, кесте дайындаңыз. Мысалы, Мәтін атауыНегізгі тұлғаларГеографиялық атауларСандық деректерКүрделі сөздер Мәтін атауы Негізгі тұлғалар Географиялық атаулар Сандық деректер Күрделі сөздер Бағалау критеріі -Үзіндіден ақпарат алады -Негізгі ұғымдарды кестеге орналастырады Дескриптор: - үзіндіні оқып, ақпарат жинайды; - пікірлер арқылы сызбаны толтырады; - ортақ пікір шығарады; Бағалау әдісі «Лайк» III топ: Ұсынылған мәтінге сурет салыңыздар. Мәтіндегі ақпараттарды толық және жүйелі қолдануға тырысыңыз. Бағалау критеріі -Үзінді бойынша сурет салады -Үзіндідегі ақпаратты толық қолданады Дескриптор: -үзіндіні пайдалана отырып, сурет салады; - сурет арқылы өз ойларын анық жеткізеді; Қалыптастырушы бағалау: Бағалау терезесі	
2-тапсырма (10 минут)	Ж Әр оқушы «Ұрпақ үні» тақырыбында авторға хат немесе өлең жазады. Бағалау критерийі: -Жазба жұмысының құрылысын сақтап жазады; - Негізгі ойды сауатты жеткізеді; Дескриптор: -Жазба жұмысын құрылысын сақтап жазады; -Берілген тақырыпты ашады; Оқушының өз жұмысын бағалауы Аты -жөні: _____ ТапсырмаларМен жақсы орындадымМен жартылай орындадыммаған көмек керек	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия (5 минут)	Бүгін мен үшін маңызды болды. *..... қызықты болды. *..... қиын болды. *..... екенін түсіндім.	